



Article

«Гүлістан бит түркі» ескерткіші мәтініндегі «айт» етістігінің валенттілігі¹

Қ.К. Кенжалин^а, А.С. Зинедина^б

^аЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(E-mail: ken_kk@mail.ru)

^бЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(E-mail: aierke96@gmail.com)

*Байланыс үшін автор: aierke96@gmail.com

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

Кілт сөздер:
валенттілік,
тарихи
синтаксис,
актанттық
құрылым,
тіркесімділік,
семантикалық
синтаксис,
синтаксистік
валенттілік,
семантикалық
валенттілік,
«айт» етістігі,
тарихи мәтін,
сөз тіркесі.

XFTMP 16.21.43

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-2-167-181>

Мақалада «Гүлістан бит түркі» ескерткішіндегі «айт» етістігінің валенттілігі талданады. Валенттілік теориясы сөз тіркесімділігімен, синтаксистік жүйемен байланысты болғандықтан, бұл теория тілдегі сөздерді байланыстыру логикасын анықтауға мүмкіндік береді. Ал бұл орта ғасыр тіліндегі жекелеген сөздердің синтаксистік әлеуетіне талдау жасауға, халықтың ойлау жүйесін айқындауға және бүгінгі тілдің құрылымымен салыстыруға жол ашады. Осыған орай зерттеу «Гүлістан бит түркі» ескерткішіндегі «айт» етістігінің валенттілік құрылымын талдауды және оны қазіргі қазақ тіліндегі қолданысымен салыстыруды мақсат етеді. Зерттеу әдістері ретінде синтаксистік-семантикалық және тарихи-салыстырмалы, статистикалық-корпустық талдау түрлері қолданылады. Статистикалық-корпустық әдіс арқылы «Гүлістан бит түркі» ескерткішіндегі «айт» етістігінің қолданыс көрсеткіші талданса, тарихи-салыстырмалы әдіс орта ғасыр түркі тіліндегі «айт» етістігінің құрылымдық ерекшеліктерін қазіргі қазақ тілінің нормаларымен салыстыруға мүмкіндік береді. Ал синтаксистік-семантикалық талдау әдісі негізінде «айт» етістігінен жасалған сөз байланыстарының мағыналық-құрылымдық сипаты талданады.

«Айт» етістігінің валенттілігін анықтау үшін «айт» етістігінен жасалған етістікті сөз тіркестерінің құрамындағы актанттық құрылымдарға талдау жасалды. «Айт» етістігі агенс, модификатор, пациенс, адресат сынды актанттық құрылымдардан тұратыны және бұл етістіктің 6 валентті екендігі анықталды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «айт» етістігі орта ғасыр түркі тілінде қазіргі қазақ тіліндегі қолданысынан әлдеқайда кең мағыналық

¹ Мақала АР19679974 «Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінің тілі» атты гранттық жобаны орындау барысында жазылды.

және синтаксистік мүмкіндіктерге ие болған. Бұл етістік бірқатар грамматикалық формаларда қолданылған. Айтти, аytur, аyttim, аytkan сияқты түрлі тұлғалар бұл етістіктің мәнәтіндегі тіркесімділік қабілеті жоғары екендігін көрсетеді. Зерттеу «айт» етістігінің синтаксистік валенттілігі өзгермегенімен, оның семантикалық кеңістігі тарихи даму барысында тарылғанын көрсетті. Орта ғасыр жазба тіліндегі «айт» етістігінің мағыналық жүгі қазіргі қазақ тілінде басқа етістіктерге бөлініп, функционалды-стильдік саралануға ұшыраған. Мысалы, «айт» етістігі қазіргі қазақ тілінде тек хабарлау мағынасында қолданылса, бұрын бұл етістік сөйлеу, айту, көрсету, бұйыру сияқты кең ауқымды қызметтерді атқарған.

Зерттеуде қол жеткізілген теориялық тұжырымдар қазақ тілінің дамуындағы валенттілік, мағыналық жіктелу және құрылымдық сабақтастық мәселелерін тереңірек зерттеуге негіз болады. Зерттеу нәтижелері қазақ тілінің тарихи құрылымдарының бүгінгі тілдің қолданысын дамытудағы рөлін анықтауға көмектеседі. Зерттеу барысында алынған мәліметтер қазақ тілінің даму жолындағы маңызды кезеңдерді айқындап, түркі тілдерінің тарихи дамуы мен олардың қазіргі тілдерге әсері туралы жаңа ғылыми көзқарастарды ұсынуға жол ашады. Тілдік жүйелердің сабақтастығын зерттеу тіл біліміндегі жаңа бағыттарға серпін береді.

K. Kenzhalin^a

^a*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan
(E-mail: kenkk@mail.ru)*

***A.S. Zinedina^b**

^b*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan
(E-mail: aierke96@gmail.com)*

*Corresponding author: aierke96@gmail.com

Valency of the verb 'ayt' in the Manuscript "Gulistan bit turki"

Abstract. This article analyzes the valency of the verb 'ayt' in the medieval manuscript "Gulistan bit Turki." Valency theory, which is closely related to collocations and syntactic structures, gives an opportunity to identify the logic of word compatibility in a language and offers insight into the syntactic potential of lexemes in the text, as well as to understand the mental intentions of the Turkic peoples. The study focuses on analyzing the valency structure of 'ayt' in "Gulistan bit Turki" and compares its semantics with that of the same verb in modern Kazakh. The research employs syntactic-semantic, historical-comparative,

Received 06 March 2025. Revised 09 April 2025. Accepted 14 May 2025. Available online 30 June 2025.



Дәйексөз үшін: Қ.К. Кенжалин, А.С. Зинедина «Гүлістан бит түркі» ескерткіші мәтініндегі «айт» етістігінің валенттілігі // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. № 2. 167-181 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-2-167-181>

For citation: K. Kenzhalin, A.S. Zinedina Valency of the verb 'ayt' in the Manuscript "Gulistan bit turki" // Turkic Studies Journal. 2025. Vol. 7. No 2. P. 167-181. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-2-167-181>

and statistical-corpus methods. The statistical-corpus method is used to analyze the meaning of 'ayt' in the manuscript, while the historical-comparative method compares its structural features in the medieval Turkic language with modern Kazakh. Syntactic-semantic analysis enables exploration of semantic-structural nature of word combinations formed with 'ayt'.

To determine the valency of the verb, the study analyzes actant structures in verb phrases with 'ayt'. It was found that 'ayt' appears with various actants, including agent, modifier, patient, and addressee, and that the verb has six valency roles. The results indicate that 'ayt' had broader semantic and syntactic possibilities in the medieval Turkic language than in modern Kazakh. Various grammatical forms such as *aytti*, *aytur*, *ayttim*, and *aytkan* demonstrate its high conjugational versatility in historical context. While the syntactic valency of 'ayt' has remained unchanged, its semantic scope has narrowed over time. The semantic load of the verb in the monument's language has undergone functional and stylistic differentiation in modern Kazakh. In the manuscript, 'ayt' conveyed a broader range of meanings, including 'to speak,' 'to show,' 'to command,' whereas in modern Kazakh, it functions primarily as a verb of speech.

The theoretical conclusions of this study lay a foundation for further examination of valency, semantic classification, and structural continuity in the development of Turkic languages. The findings clarify the role of linguistic units and structures in written monuments in shaping modern Turkic languages, including Kazakh. Studying the continuity of linguistic systems opens new avenues for research in linguistics.

Keywords: valency, historical syntax, actant structure, compatibility, semantic syntax, syntactic valency, semantic valency, verb 'ayt', historical text, word combination.

К. Кенжалин^а

^аЕвразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Республика Казахстан (E-mail: kenkk@mail.ru)

***А.С. Зинедина^б**

^бЕвразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Республика Казахстан (E-mail: aierke96@gmail.com)

Автор для корреспонденции: aierke96@gmail.com

Валентность глагола «айт» в тексте памятника «Гулистан бит тюрки»

Аннотация. В статье анализируется валентность глагола «айт» в средневековом памятнике «Гулистан бит тюрки». Теория валентности, связанная со словосочетаниями, синтаксической системой, позволяет определить логику сочетаемости слов в языке, а также дает возможность рассмотреть синтаксический потенциал лексем в языке памятника, определить ментальные интенции тюркских народов. В данном контексте исследование нацелено на анализ валентной структуры глагола «айт» в памятнике «Гулистан бит тюрки» и сравнение его семантики с семантикой глагола современного казахского языка. В качестве методов исследования в статье используются синтаксико-семантический и историко-сравнительный, статистико-корпусный приемы. При статистико-корпусном методе анализируется значение глагола «айт» в памятнике «Гулистан бит тюрки», историко-сравнительный метод позволяет сравнить структурные

особенности глагола «айт» в средневековом тюркском языке с нормами современного казахского языка. На базе метода синтаксико-семантического анализа рассматривается семантико-структурный характер словосочетаний, образованных от глагола «айт».

Чтобы определить валентность глагола, был проведен анализ актантных структур в составе глагольных словосочетаний с глаголом «айт». Было установлено, что значение глагола «айт» может проявляться в актантных структурах, таких, как агенс, модификатор, пациентка, адресат и что этот глагол является 6-валентным. Результаты исследования показали, что глагол «айт» имел гораздо более широкие смысловые и синтаксические возможности в средневековом тюркском языке, чем в современном казахском языке. Различные грамматические формы глагола, такие, как *aytti*, *aytur*, *ayttim*, *aytkan* указывают на то, что данный глагол обладает высокой способностью к спряжению в контексте. Исследование показало, что, хотя синтаксическая валентность глагола «айт» не изменилась, но его семантическое пространство в процессе исторического развития сузилось. Смысловая нагрузка глагола «айт» в языке памятника в современном казахском языке и подверглась функционально-стилевой дифференциации. Например, если глагол «айт» используется в современном казахском языке только как глагол речи, то в языке памятника глагол имеет значительно широкий спектр значений: «говорить», «показывать», «приказывать» и т.д.

Теоретические выводы, достигнутые в исследовании, послужат основой для более глубокого изучения вопросов валентности, семантической классификации и структурной преемственности в развитии тюркских языков. Результаты исследования помогут определить роль языковых единиц и структур письменных памятников в развитии современных тюркских языков, в т.ч. казахского языка. Изучение преемственности языковых систем дает толчок новым направлениям в лингвистике.

Ключевые слова: валентность, исторический синтаксис, актантная структура, сочетаемость, семантический синтаксис, синтаксическая валентность, семантическая валентность, глагол «айт», исторический текст, словосочетание.

Кіріспе

Тілдік бірліктердің валенттілік мәселесі – тіл біліміндегі өзекті тақырыптардың бірі. Соның ішінде тіл білімі мен түркітануда *етістіктің* валенттілік қасиеті маңызды зерттеу нысаны саналады. Себебі етістік – сөйлемнің негізгі тірегі. Ол мағыналық және синтаксистік тұрғыдан әртүрлі актанттық байланысқа түсіп, әр тілдің құрылымдық-мазмұндық ерекшелігін айқындайды. Ал валенттілік семантикалық синтаксистің негізгі ұғымдарының бірі ретінде сөздердің байланысу мүмкіндігін, сөйлемдегі тіркесімділік заңдылықтарын айқындайды. Валенттілік мәселесін қарастыру сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді зерттеуді білдіреді. Себебі етістік сөйлем синтаксисі мен семантикасының орталығы ретінде қарастырылады (Шустова, Смирнова, 2015: 21). Сөйлемдегі етістіктердің өзге сөздермен байланысқа түсіп, тіркесу қабілеті валенттілік теориясы арқылы өлшенеді. Валенттілік теориясының мәні туралы әр түрлі көзқарастар болғанымен, бұл ұғым негізінен етістіктің семантикалық мазмұнына қатысты екені мойындалады (Амирбекова, 2021: 5). Бұл валенттіліктің етістіктің синтаксистік-семантикалық байланысына негізделетіндігін көрсетеді (Cook, 2012: 53). М. Перини етістік валенттілігін анықтауды сол қимыл-әрекетті білдіретін сөздердің ішкі мағыналық мүмкіндігін білу ретінде түсіндіреді (Perini, 2015: 5). Семантикалық синтаксистің

нысаны ретінде «валенттілік» ұғымын талдай отырып, К. Уиллемс тілдің синтаксистік құрылымын түсінбей тұрып лексикалық семантиканы зерттеу мүмкін емес екенін айтады (Willems, 2006: 587). Ал Ж. Семески етістіктің синтаксистің маңызды элементі екенін және өзге сөз таптарымен салыстырғанда көпмағыналылық дәрежесінің жоғары екенін айтады (Semecky, 2008: 16). Демек валенттілік – семантикалық синтаксистің негізгі ұғымы. Валенттілік – сөздің ішкі мүмкіндігі болса, синтаксистік байланыс – соны жүзеге асырушы. Валенттілік – тілдік бірлік, ал синтаксистік байланыс – «сөйлеу бірлігі». Валенттілік – мағына, синтаксистік байланыс – құбылыс. Валенттілік – себеп, синтаксистік байланыс – нәтиже (Расулов, 2022: 1080). Сонда валенттілік – синтаксистік байланыстың орнауына, сөздердің бір-бірімен байланысуына мүмкіндік беретін сөз «қабілеті».

Қазақ тіліндегі «айт» етістігі көп валентті етістіктер қатарына жатады. Ол субъект (кім айтты?), адресат (кімге айтты?), объект (не айтты?), модификация (қалай? қашан? қайда?) сияқты актанттық құрылымдармен байланысады. Бұл құрылым қазіргі қазақ тілінде ғана емес, орта ғасыр ескерткіштерінде де айқын байқалады. Бұл зерттеуде «Гүлістан бит түркі» ескерткішіндегі «айт» етістігінің валенттілігі талданады. «Гүлістан бит түркі» ескерткіші орта ғасыр жазба дәстүрінің маңызды үлгілерінің бірі саналады. Сондықтан жазба ескерткіш тілін зерттеу арқылы қазіргі қазақ тілімен сабақтастықты анықтауға болады. Мәтінде кездесетін «aytti», «aytur», «ayttim» сияқты етістіктердің тіркесу ерекшеліктері талданып, олардың қазіргі қазақ тіліндегі тұлғаларымен сәйкестігі қарастырылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеудің негізгі материалы ретінде ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерінің бірі – «Гүлістан бит түркі» мәтіні таңдалды. Бұл ескерткіш түркі халықтарының орта ғасырдағы жазба дәстүрінің маңызды үлгісі саналады және қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында Ә. Қараманлыұғлының «Гүлістан бит түркі» мәтінінің транскрипциясы пайдаланылды. Зерттеудің әдістемелік негізін *синтаксистік, семантикалық және тарихи-салыстырмалы талдау* әдістері құрайды. Синтаксистік талдау «айт» етістігінің сөйлем ішіндегі актанттық құрылымдарын (субъект, объект, адресат, модификатор) анықтау үшін қолданылды. *Семантикалық талдау* «айт» етістігінің мағыналық даму динамикасын және оның тарихи мәнмәтіндегі қолданыс ерекшеліктерін қарастыру мақсатында жүргізілді. *Тарихи-салыстырмалы әдіс* орта ғасыр түркі тілі мен қазіргі қазақ тіліндегі «айт» етістігінің құрылымдық ерекшеліктерін салыстырып, олардың сабақтастығы мен өзгерісін сипаттау үшін пайдаланылды. *Корпустық-статистикалық әдіс* «Гүлістан бит түркі» мәтініндегі «айт» етістігінің қолданылу жиілігін есептеу және оның әр түрлі грамматикалық формалардағы көрінісін талдау үшін қолданылды. Аталған зерттеу әдістері «айт» етістігінің тарихи мәтіндегі валенттілігін, оның мағыналық және құрылымдық дамуын зерделеуге мүмкіндік береді.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Қазіргі зерттеулерде логикалық-синтаксистік және лексика-семантикалық валенттіліктермен қатар интонациялық, ассоциативті-дыбыстық, стилистикалық валенттілік түрлері зерттеу нысанына айналып үлгерді (Оспанова, Аитова, Султанзаде, 2023: 147).

Валенттілік ұғымы сөздердің сөйлемдегі байланысу мүмкіндігін, олардың синтаксистік және семантикалық құрылымын анықтауда қолданылады. Жалпы тіл білімінде валенттілік мәселесі түрлі аспектіде қарастырылады: валенттіліктің теориялық негіздері, оның синтаксистік және семантикалық сипаты, сөздердің тіркесімділігі және синтагматикалық байланыстары. Қазіргі қазақ тіл білімінде валенттілік мәселесін зерттеуге арналған бірқатар маңызды еңбектер бар. Бұл бағытта қазақ лингвистикасында М. Оразовтың «Қазақ тілінің семантикасы» (1991), Қ. Нұрмұхамбетованың «Есімше + зат есім» үлгісіндегі сөз тіркестерінің синтагмалық ерекшеліктері» (2000), Г. Сыздықованың «Қазақ тіліндегі семантикалық валенттілік» (2010) еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Ал ортағасырлық түркі тілінің жазба ескерткіштері, соның ішінде «Гүлістан бит түркі» мәтіні Э. Наджиптің «Тюркоязычный памятник XIX века «Гулистан» Сейфа Сарай и его язык» (1975), М. Сабырдың «Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы» (2004), Б. Сағындықұлының «Алтын Орда жазба ескерткішінің салыстырмалы лексикасы» (2006), Ф. Нуриеваның «Формирование и функционирование тюрко-татарского литературного языка Золотой Орды» (2004), Х. Миннегуловтың «Тюрко-татарская словесность в контексте межлитературных связей» (2017) еңбектерінде талданады. 2024 жылы А. Сейітбекованың «Сейф Сарайдың «Гүлістан бит түркі» жазба ескерткіші: сөздігі, транскрипциясы, аудармасы» жарық көрді (2024). Бұл қазақ тіл білімінде «Гүлістан бит түркі» ескерткішін одан әрі тереңірек зерттеуге жол ашты. Жалпы түркітануда бұл бағытта Ә. Қараманлыұғлының «Gülistan Tercümesi» (1989) еңбегін ерекше атаймыз. Қазіргі зерттеулерде валенттіліктің когнитивтік аспектісі, тарихи мәтіндердегі синтаксистік қатынастардың тұрақтылығы және олардың қазіргі қазақ тіліндегі қолданысы зерттелуде. Валенттілік теориясының даму бағыты, оның түркі тілдеріндегі көрінісі және тарихи сабақтастық аспектілері болашақ зерттеулердің маңызды бағыты болып қала береді.

Талдау

Орта ғасырда «айт» етістігінің қолданысы қазіргі қазақ тіліндегі қолданысына қарағанда әлдеқайда кең болған. Оны біз тарихи мәтіндерден байқаймыз. Біздің зерттеу нысанымызға алынған «Гүлістан бит түркі» ескерткішінде «айт» етістігі қазіргі қазақ тіліндегі «айту», «сөйлеу», «деу» етістіктерінің орнына қолданылған. Қазір бұл етістіктер функционалды-стилдік жағынан айырмашылыққа ие болса, орта ғасырда сөйлеу етістіктерінің көп бөлігі «айт» формасында ғана қолданылған. Бұл – тарихи тілдік өзгерістер мен семантикалық дамудың нәтижесі. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «айт» етістігі былайша түсіндіріледі: «Сөзбен ой-пікірін білдіру, сөз сөйлеу. Арнау, бағыштау» (ҚТТС, 2008: 26). Ал «деу», «сөйлеу» етістіктері «айт» етістігінің синонимдік қатарын құрайды.

«Гүлістан бит түркі» ескерткішінде «айт» етістігі ең жиі қолданылған сөз қатарына жатады. Бұл мәтінде «айт» етістігі бірнеше грамматикалық формада жұмсалған: *aytti* – 848 *rem*, *aytur* – 204 *rem*, *ayttim* – 168 *rem*, *ayturlar* – 80 *rem*, *aytip* – 16 *rem*, *aytkil* – 14 *rem*, *ayttilar* – 12 *rem*, *aytli* – 10 *rem*, *aytkay* – 10 *rem*, *aytma* – 8 *rem*, *aytsa* – 6 *rem*, *aytkan* – 6 *rem*, *aytmaq* – 6 *rem*, *aytayim* – 4 *rem*, *aytkaylar* – 4 *rem*, *aytkanu* – 4 *rem*, *aytmadi* – 4 *rem*, *aytmas* – 2 *rem*, *aytmaut* – 2 *rem*, *aytmadim* – 2 *rem*, *aytmagay* – 2 *rem*, *aytmadingiz* – 2 *rem*, *ayt* – 2 *rem*. Көріп отырғанымыздай, орта ғасырда «айт» етістігінің функционалды-семантикалық әлеуеті жоғары болған. Бұл етістіктің қабылдайтын грамматикалық формалары қазіргі қазақ тіліне ұқсас келеді. Мәселен, *айтты*, *айттым*, *айтар*, *айтып*, *айтқан*,

айтпақ, айтамын, айтқаны, айтпады, айтпас, айтпаймын, айтпадым т.б. Ескерткіш тілінде қазір жиі қолданыла бермейтін, жергілікті сөйлеу ерекшеліктерінде ғана сақталған «қыл», «-қай/-ғай» жұрнақтары қолданылғаны да байқалады. «Айт» етістігіне жалғанған грамматикалық формалардың қазіргі қазақ тілінде фонетикалық өзгеріске ұшырағанын байқау қиын емес: *aytur – айтап, aytma – айтна*. «Т» қатаң дауыссызына «м» үнді дауыссызының жалғануы қосымшалардың үндестік заңы бойынша бірнеше нұсқасының қалыптаса қоймағанын көрсетеді. Бұны көптік жалғауының да бір нұсқада қолданылуынан байқаймыз.

Ескерткіш мәтінінде жұмсалған сөз қолданыстарында «айт» етістігінің өзге сөздермен тіркесу қабілеті, байланысу ықтималдылығы жоғары. Бұл «айт» етістігінің валенттілігінің де айтарлықтай дәрежеде екенін білдіреді. Орта ғасырдағы «айт» етістігі *кім айтты, кімге айтты, не(ні) айтты, қашан айтты, қалай айтты, қайда(н) айтты* құрылымы бойынша тіркес құрайды. Синтаксистік валенттілік сөйлем құрамындағы кез-келген сөздің басқа сөздермен тіркесу мүмкіндігін есепке алады (Оразов, 1991: 199). «Айт» етістігінің синтаксистік валенттілігінің көп дәрежелілігіне байланысты түрлі актанттық құрылымда байланыс құра алады. Сөйлем құрамына еніп, өзекті сөзбен тіркескен сөздерді тіл білімінде актанттар деп атайды. Актанттардың саны өзекті сөздің валенттілік дәрежесін анықтауда маңызды өлшем болады (Оразов, 1991: 200). Сонда тілдік бірліктердің байланысу заңдылықтары, олардың валенттілік ерекшеліктері қазақ тілінің синтаксистік құрылымын жан-жақты сипаттауға мүмкіндік береді. Актанттар құрамына *агенс* (субъект, кім, бастауыш), *пациенс* (объект, нені, толықтауыш), *адресат* (кімге, толықтауыш), *модификаторлар* (қалай, қайда, қашан, пысықтауыш) жатады. «Гүлістан бит түркі» ескерткішінде қолданылған «айт» етістігі аталған актанттардың барлық құрылымын қабылдайды.

Біз ескерткіш мәтінінен талдауға 40 етістікті тіркес алдық. Бұл тіркестердің құрамындағы актанттарды былайша жіктеуге болады: *агенс* (men, sen, ol, fakir, sheyh sadi, fakir-larning biri); *пациенс* (korusmeyin, kirek, ne tiler, ani, idi, takatim yok, hikmet ni, mesel-ni); *адресат* (oz-ozume, pehlevanga, oze, seyhina, atasina, nedim-lerine, anga, muridi-ne, oglina, dostina); *модификатор* (hidmatina kilip, undep, munazara kilip, bazarina kirip, razi bolmayin, itiraz kilip, yigrip, opup, melamet kilip, artinca, korup, usutune kilip, dem-be-dem, dunye hayatindan, dagi). «Гүлістан бит түркі» мәтінінде кездесетін «айт» етістігі әр түрлі актанттық құрылымнан тұрады. Кейбір тіркестерде тек агенс болса («*fakir aytti*», «*ol aytti*»), енді кейбірінде объекті де кездеседі («*Mesel-ni ayturlar*», «*Hikmet-ni aytti*»). Кейбіреулері адресатты да қамтиды («*dostina aytti*», «*nedim-lerine aytti*»). Күрделі қолданыстарда модификаторлар қосылып, қимылдың қалай орындалғанын көрсетеді («*opup aytti*», «*melamet kilip aytti*»). Демек «Гүлістан бит түркі» ескерткішіндегі «айт» етістігі – 6 валентті лексема.

1-дәрежелі валенттілік

ol aytti
(кім айтты?)

2-дәрежелі валенттілік

atasina aytti
(кімге айтты)

3-дәрежелі валенттілік

mesel-ni aytti
(нені айтты?)

4-дәрежелі валенттілік

undep aytti
(қалай айтты?)

5-дәрежелі валенттілік

artinca aytti
(қашан айтты?)

6-дәрежелі валенттілік

dunye hayatindan aytti
(қайдан айтты?)

«Гүлістан бит түркі» ескерткішінде кездесетін «айт» етістігінің синтаксистік валенттілігі қазіргі қазақ тіліндегі қолданысына сәйкес келеді. Қазіргі қазақ тілінде бұл етістік бір, екі және үш актантты құрылымдарда жұмсала алады: *ол айтты, оған айтты, оны айтты, далада(н) айтты, қарап тұрып айтты, кеше айтты және т.б.* Бұл – «айт» етістігінің синтаксистік тұрғыда тұрақты екенін көрсетеді. Алайда орта ғасырдағы түркі тілінде «айт» етістігінің семантикалық валенттілігі кеңірек болғаны байқалады. Себебі ол қазіргі қазақ тіліндегі «айту», «сөйлеу», «деу», «жариялау», «бұйыру», «мойындау», «талап ету» сияқты әртүрлі мағыналарды қамтыған. Мысалы, «*itiraz kilip aytti*» тіркесінде «қарсылық білдіру», «*munazara kilip aytti*» тіркесінде «пікірталас жүргізу», ал «*melamet kilip aytti*» тіркесінде «жариялады» мәні бар. Бұл қолданыстар қазіргі қазақ тіліндегі синонимдес етістіктер арқылы ажыратылатын мағыналардың ортағасырлық кезеңде бір ғана «айт» етістігімен берілуі оның семантикалық валенттілігінің кең болғанын көрсетеді. Лексикалық қабат уақыт өте активтеніп не пассив қабатқа өтіп үнемі динамикада болады. Ал сөз, сөйлем, мәтін байланысындағы синтаксистік қатынас сөйлеудің «қаңқасын» құрап, тұрақтылығын сақтап отырады. Сондықтан лексика өзгермелі сипат алса, синтаксис тұрақты, статикалық күйде болады. Сол себепті көне, орта дәуірлердегі синтаксистік қатынастарды, модельдерді зерттеу қазіргі қазақ тілінің тарихи күйін анықтауға мүмкіндік береді. Себебі синтаксистік «қаңқа» тұрақты күйде сақталады. Етістіктердің синтаксистік, синтагмалық байланыстарының да қазіргі қазақ тілімен сәйкес келуі – соның бірден-бір дәлелі.

Қазіргі қазақ тілінде «айт» етістігі тек хабарлау, жеткізу мағынасында ғана қолданылады, ал сөйлеу үдерісінің басқа реңктері «сөйлеу», «деу», «жариялау» сияқты етістіктер арқылы беріледі. Ортағасырлық түркі тілінде мұндай стильдік саралану болмағандықтан, «айт» жалпылама семантикалық рөл атқарған. Бұл тарихи даму барысында тілдік жүйеде мағыналық жіктелу жүріп, орта ғасырдағы «айт» етістігінің семантикалық жүгінің қазіргі қазақ тілінде бірнеше етістікке бөлінгенін көрсетеді. Сөздердің байланысуы, олардың логикалық тұрғыдан үйлесуі ең алдымен тілдік бірліктердің семантикалық мүмкіндіктеріне байланысты болады (Расулов, 2022: 1079). Демек қазіргі қолданыстағы «айт» етістігінің семантикалық мүмкіндігі тарылған деп айтуға болады. Мысалы, *Мен сабақ айттым. Ол сахнада сөйледі. Анам «кешке келемін», – деді.* Қазіргі қазақ тілінде сөйлеу етістіктерінің өзара байланысы «*деп айтты*», «*деп сөйледі*», «*айтамын деді*», «*айтатынын айтты*», «*айтамын деп айтты*» секілді тіркестерінде кездеседі. «Гүлістан бит түркі» ескерткішінде де «айт» етістігінің өзді-өзі байланысы кездеседі. Мысалы, *tutar-men aytti aytkil ayttim.* Мұнда «айт» етістігі үш рет қатарынан келіп, өзара байланыс орнатып тұр. «Айт» етістігі қазіргі сөйлеу етістіктерінің көбінің орнына қолданылғандықтан, «деп айтты» сөзаралық байланысы «*aytkil aytti*» формасында беріледі.

Сөздердің семантикалық тіркесуі адамның бейнелі ойлау, заттарды салыстыру, ұқсату қабілетінен туындайды, яғни тілдегі этникалық дүние бейнесі сөздердің валенттілігі арқылы вербалданады (Талғатқызы, Әмірбекова, Қайырбекова, Аккузов, 2023: 202). Демек сөздердің семантикалық жағынан тіркесу заңдылықтары тіл құбылысы ғана емес, адамның ойлау жүйесінің және этномәдени дүниетанымның көрінісі саналады. Сөздердің тіркесуі адамның бейнелі түрде ойлау, заттарды салыстыру, ұқсату қабілетінен туындайды. Бұл үдеріс кездейсоқ емес, ол адамның қоршаған ортаны қабылдау ерекшелігімен тығыз байланысты. Әсіресе метафоралық және метонимиялық қолданыстарда тілдік бірліктердің тіркесу заңдылықтары айқын көрінеді. Адам белгілі бір заттар мен құбылыстар арасындағы ұқсастықты байқап, оларды салыстыру арқылы жаңа мағыналық байланыстар жасайды. Мысалы, «*dem-be-dem aytти*», «*dunye hayatından*», «*tutar-men aytти aytkil aytтим*» секілді тіркестер халықтың дүниені қабылдау жүйесімен тығыз байланысты. Бұл тіркестердің семантикалық үйлесімділігі халықтың ойлау тілімен байланысты. «*dem-be-dem aytти*» тіркесін талдап көрейік. Ә. Қараманлыұғлы еңбегінде «*dem-be-dem*» сөзі «*zaman zaman*» деп түсіндірілген (Қараманлыұғлы, 1989: 242). Мұнда «уақыт» сөзі үстемеленіп тұр. Бұл үстеме мағына қазіргі қазақ тілінде «көзбе көз», «сөзбе сөз», «дәлме дәл» сөздерінде әлі де сақталған. Демек мұндағы «*dem*» уақыт мағынасын берсе, «*be*» қосымшасы үстеме мәнді білдіретін морфема ретінде екі бірдей сөзді байланыстыру үшін қызмет етіп тұр. Тағы бір талдауды қажет ететін ерекше тіркес – «*dunye hayatından aytтим*» метафоралы тіркесі. «Айт» сөзі сирек байланыс құрайтын модификатор «қайдан?» сұрағына жауап беретін актанттар. «Айт» сөзі табиғатынан шығыс септігіндегі сөзбен жиі байланыса бермейді. Байланыс орнағанның өзінде бұл актант «қалай?» модификаторына ауысып кетеді. Мысалы, қазіргі қазақ тіліндегі «терезеден айттым» тіркесі «қайдан айттым?» актантынан гөрі мазмұндық жағынан «қалай айттым» актантына жақындайды. Бұл жерде «айт» етістігі «терезеден қарап айттым» тіркесін қажет етіп тұрады. Ал «Гүлістан бит түркі» ескерткішінде метафораланған «*dunye hayati*» тіркесі шығыс септігінде келіп «айт» етістігімен ауыспалы мәнде тіркесіп тұр. Бұл ойлау тілі мен халықтық логиканың бір үлгісін көрсетеді. Сонымен қатар «айт» етістігі күрделі сөздермен де, фразалық тіркестермен де байланысып келіп сөз тіркесін құрайды. Мысалы, «*kiter vaktin aytтим*» (*кетер уақытын айттым*) тіркесінде «айттым» етістігі күрделі объектілі мағыналы сөзбен тіркесіп келген. Ал «*takatim yok aytти*» тіркесінде «айтты» етістігі «тағатым жоқ» фразеологизмімен тіркесіп қазіргі қолданыстағы «деді» етістігінің орнына қолданылған.

Валенттілік ұғымымен мәтін ішіндегі сөздердің байланысын білдіретін «синтагма» ұғымы қатар жүреді. Валенттілік құбылысы – сөздердің өзара байланысу мүмкіндігін, сөйлем ішіндегі орны мен тіркесу заңдылықтарын анықтайтын негізгі факторлардың бірі. Ал синтагма – осы байланыстардың құрылымдық көрінісі. М. Оразовтың пікіріне сүйенсек, синтагмалық қатынастар сөздердің валенттілік қасиеттерімен тікелей байланысты. Бұл байланыс синтаксистік бірліктерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады (Оразов, 1991: 153). Валенттілік теориясы сөздердің басқа сөздермен үйлесу ықтималдығын ғана емес, олардың семантикалық және синтаксистік байланысқа түсу қабілетін де зерттейді. Бұл теория әр сөздің тіркесу мүмкіндігін анықтаумен қатар мағыналық және құрылымдық өзгерістерге әсер ететін негізгі фактор ретінде қарастырылады. Мәтіндегі синтагмалық байланыстар сөз тіркесінің мағыналық өзгерістерін айқындайды. Тіркеске түскен сөздердің барлығында синтагмалық мағына бар, бірақ олардың мағына қалыптасуына ықпалы әртүрлі (Оразов, 1991: 153). Кейбір сөздер тіркескен кезде өздерінің бастапқы семантикалық мәнін сақтап қалса, кейбірі

өзгеріске ұшырап, жаңа мағыналық реңкке ие болады. Бұл құбылыс тарихи мәтіндерде айқын байқалады, яғни синтагма – сөйлем ішіндегі мағыналық және грамматикалық байланысқа түскен сөздер тобы. Синтагмалар мағыналық қатынасына қарай бірнеше түрге бөлінеді: *предикативтік синтагма* – бастауыш пен баяндауыш арасындағы байланыс; *объектілік синтагма* – толықтауыш пен баяндауыш арасындағы байланыс; *атрибутивтік синтагма* – анықтауыш пен анықталушы сөз арасындағы байланыс; *адвербиалды синтагма* – пысықтауыш пен баяндауыш арасындағы байланыс. «Гүлістан бит түркі» ескерткішіндегі «айт» етістігімен жасалатын синтагмалық қатынастарды былайша бөлуге болады: предикативтік синтагмалар: «fakir aytti», «men ayttim» т.б.; объектілік синтагмалар: «ne tiler aytti», «mesel-ni ayturlar» т.б.; адресаттық синтагмалар: «muridi-ne aytur», «dostina aytti» т.б.; адвербиалды синтагмалар: «itiraz kilip aytti», «hidmatina kilip aytti» т.б. «Гүлістан бит түркі» ескерткішіндегі адвербиалды (пысықтауыш арқылы байланысқан) синтагмалардың бір ерекшелігі – үнемі «қылу» көмекші етістігімен байланысып келетіндігінде. Қазіргі қазақ тілінде «жасау/істеу» мағынасын беретін «ету» етістігі «қылу» етістігіне қарағанда жиі қолданылатындықтан, «... қылып айтты» тіркесінің қолданыс жиілігі төмен. Ал «Гүлістан бит түркі» ескерткішіндегі «айт» етістігінің адвербиалды қатынасы көбіне «қылу» көмекші етістігімен қатар келіп отырған.

Нәтижелер

«Гүлістан бит түркі» мәтінінен теріп алынған «айт» етістігімен тіркескен 40 етістікті сөз тіркесінің актанттық құрылымын төмендегі кестеде ұсынамыз.

Тіркес	Агенс (кім?)	Пациенс (нені?)	Адресат (кімге?)	Модификатор
fakir aytti	fakir	-	-	-
men ayttim	men	-	-	-
ol aytti	ol	-	-	-
oz ozume ayttim	men	-	oz-ozume	-
pehlevanga ayttim	men	-	pehlevanga	-
seyh sadi aytur	sheyh sadi	-	-	-
korusmeyin ayttim	men	korusmeyin	-	-
oze aytti	ol	-	oze	-
sen aytkil	sen	-	-	-
hidmatina kilip aytti	ol	-	-	hidmatina kilip
seyhina aytti	ol	-	seyhina	-
atasina aytti	ol	-	atasina	-
undep aytti	ol	-	-	undep

munazara kilip aytti	ol	-	-	munazara kilip
nedim-lerine aytti	ol	-	nedim-lerine	-
bazarina kirip aytur	ol	-	-	bazarina kirip
kirek aytti	ol	kirek	-	-
ne tiler aytti	ol	ne tiler	-	-
fakir-larning biri aytti	fakir-larning biri	-	-	-
anga aytti	ol	-	anga	-
ani ayturlar	ol	ani	-	-
muridi-ne aytur	ol	-	muridi-ne	-
oglina aytur	ol	-	oglina	-
dostina aytti	ol	-	dostina	-
manga aytti	ol	manga	-	-
razi bolmayin aytti	ol	-	-	razi bolmayin
itiraz kilip aytti	ol	-	-	itiraz kilip
yigrip aytti	ol	-	-	yigrip
opup aytti	ol	-	-	opup
melamet kilip aytti	ol	-	-	melamet kilip
kiter vaktin ayttim	men	-	kiter vaktin	-
artinca ayttim	men	-	-	artinca
takatim yok aytti	ol	takatim yok	-	-
hikmet ni aytti	ol	hikmet ni	-	-
korup aytti	ol	-	-	korup
usutune kilip aytti	ol	-	-	usutune kilip
mesel-ni ayturlar	ol	mesel-ni	-	-
dem-be-dem aytur	ol	-	-	dem-be-dem
dunye hayatindan ayttim	men	-	-	dunye hayatindan
dagi aytti	ol	-	-	dagi

1-кесте. «Гүлістан бит түркі» ескерткішіндегі «айт» етістігінің актанттық құрылымы

Жоғарыдағы кестеден байқағанымыздай, «Гүлістан бит түркі» ескерткішіндегі «айт» етістігінің қолданысы, семантикалық мүмкіндігі қазіргі «айт» етістігінен әлдеқайда жоғары. Дегенмен синтаксистік, синтагмалық байланыс тұрғысынан, валенттілік дәрежесі бойынша аса айырмашылықтар жоқ, яғни уақыт өте жекелеген лексемалар актив не пассив қабатқа өтіп, функционалды-семантикалық жағынан динамикада болатын болса, синтаксистік, синтагмалық қатынастар мен валенттілік деңгейлері тұрақтылығын сақтайды. Бұл синтаксистік қатынастардың тілдің негізі екенін, өзгеріске бейім емес тілдің ескі «қаңқасын» құрайтынын, тіл арқылы ойлау жүйесін көрсететінін білдіреді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «айт» етістігі орта ғасыр түркі тілінде қазіргі қазақ тіліндегі қолданысынан әлдеқайда кең мағыналық және синтаксистік мүмкіндікке ие болған. «Гүлістан бит түркі» ескерткішіндегі «айт» етістігінің әртүрлі актанттық құрылымдармен қолданылуы оның 6 валентті лексема екенін көрсетті. Бұл оның сөйлемдегі тіркесімділік заңдылықтарының жоғары деңгейде болғанын және әртүрлі грамматикалық формаларда жиі қолданылғанын дәлелдейді. Ортағасырлық түркі тілінде «айт» етістігі қазіргі қазақ тіліндегі «айту», «сөйлеу», «деу», «жариялау», «бұйыру», «мойындау», «талап ету» сияқты бірнеше мағынаны қамтыған. Зерттеу барысында бұл етістіктің синтаксистік валенттілігі өзгермегенімен, семантикалық ауқымы тарылғаны анықталды. Орта ғасырдағы сөйлеу етістіктерінің көбі «айт» формасында ғана қолданылған болса, қазіргі қазақ тілінде бұл мағыналық жүктеме бірнеше етістікке бөлініп, тілдік жүйеде белгілі бір семантикалық саралану орын алған. Синтаксистік талдау нәтижесінде «айт» етістігінің қазіргі қазақ тіліндегі қолданылуымен сабақтастығы байқалды. Орта ғасыр жазба мәтінінде оның бір, екі және үш актантты құрылымдарда жұмсалғаны айқындалды. Сонымен қатар орта ғасырда бұл етістік модификаторлармен жиі байланысып, қимылдың қалай, қайда, қашан орындалғанын білдіруде кеңінен қолданылған. Бұл синтаксистік қатынастардың тұрақты сақталғанын, қазақ тілінің құрылымдық негіздерінің тарихи сабақтастығы үзілмегенін көрсетеді.

Тарихи зерттеу нәтижелері лексикалық өзгерістердің динамикалық сипатқа ие екенін, ал синтаксистік қатынастар мен валенттілік жүйесінің тұрақты болып қалатынын дәлелдейді. Ортағасырлық мәтіндердегі «айт» етістігінің семантикалық мүмкіндігінің жоғары болуы қазақ тілінің тарихи даму үдерісіндегі маңызды өзгерістердің бірі саналады. Бұл тұжырымдар қазақ тілінің дамуындағы валенттілік, мағыналық жіктелу және құрылымдық сабақтастық мәселелерін тереңірек зерттеуге негіз болады.

Әдебиеттер

Амирбекова А., Уракова Л., Талғатқызы Г., 2021. Қазақ тіліндегі сөздердің семантикалық тіркесу жүйесі. *Tiltanym*. 3. Б. 3-14.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2008. Алматы: Дайк-Пресс. 967 б.

Миннегулов Х., 2017. Тюрко-татарская словесность в контексте межлитературных связей. Казань: Ихлас. 343 с.

Наджиб Э., 1975. Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сарайи и его язык. Алма-ата. 217 с.

Оразов М., 1991. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы. 216 б.

Оспанова Д., Аитова Н., Сұлтанзаде В. (2023). Тілдік бірліктердің эмотивтілігі және эмотивті валенттілігі. Ясауи Хабаршысы. 1(127). Б. 145-155.

Расулов Р., 2022. Валентность слова и синтаксическая связь. Экономика и социум, (5-1 (96)). С. 1075-1084.

Сабыр М., 2004. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). Алматы: Қазақ университеті. 315 б.

Сағындықұлы Б., 2006. Алтын Орда жазба ескерткіштерінің (XIV ғ.) салыстырмалы лексикасы. Алматы: Қазақ университеті. 110 б.

Сейітбекова А., 2024. Сейф Сараидың «Гүлістан бит түрки» жазба ескерткіші: сөздігі, транскрипциясы, аудармасы. Алматы: Асыл ЖК. 704 б.

Талғатқызы Г., Әмірбекова А. Б., Қайырбекова Ұ. С., Аккузов А. А., & Шуиншина Н., 2023. «Түйе» сөзінің семантикалық тіркесімділігі және ұлттық корпуста автоматтандыру тәсілдері. TILTANYM. № 3 (91). Б. 200-209

Шустова С. В., Смирнова Е. А., 2015. Глагольная валентность как семантико-грамматическая категория. Вестник Пермского университета. Российская и зарубежная филология. 4 (32). С. 21-29.

Cook J. A., 2012. Valency: the intersection of syntax and semantics. In Annual Meeting of the Society of Biblical Literature. Chicago. IL. November. Vol. 17.

Karamanlioğlu A.F., 1989. Seyf-i sarâyî gülîstan tercümesi (kitâb gülîstân bi't-türkî). Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, C. 544.

Perini M. A., 2015. Describing verb valency: practical and theoretical issues. Springer.

Semecký J., 2008. Verb Valency Frames Disambiguation. Doctoral thesis. 144 p.

Willems K., 2006. Logical polysemy and variable verb valency. Language Sciences, 28(6), P. 580-603.

References

Amirbekova, A., Urakova, L., Talgatkyzy, G., 2021. Kazak tilindegi sozderdin semantikalyk tirkesu zhuyesi [The semantic combination system of words in the Kazakh language]. Tiltanym. (3). pp. 3-14. [in Kazakh].

Cook, J.A., 2012. Valency: the intersection of syntax and semantics. In: Annual Meeting of the Society of Biblical Literature. Chicago. IL. November (Vol. 17).

Karamanlioğlu, A.F., 1989. Seyf-i sarayi gulistan tercumesi (kitab gulistan bi't-turki). Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 544 p. [in Turkish].

Kazak tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language], 2008. Almaty: Daik-Press. 967 p. [in Kazakh].

Minnegulov, H., 2017. Tjurko-tatarskaya slovesnost v kontekste mezhliteraturnykh svjazej. [Turkic-Tatar literature in the context of interliterary relations]. Kazan. 343 p. [in Russian].

Nadzhip, E., 1975. Tjurkojazychnyj pamjatnik XIV veka "Gulistan" Sejfa Saraji i ego jazyk. [The Turkic-language monument of the 14th century "Gülistan" by Seyf Sarayi and its language]. Almaty. 217 p. [in Russian].

Orazov, M., 1991. Kazak tilinin semantikasý [The semantics of the Kazakh language]. Almaty. 216 p. [in Kazakh].

Ospanova, D., Aytova, N., Sultanzade, V., 2023. Tildik birlikterdin emotivtiligi zhane emotivti valenttiligi [Emotivity and emotive valency of linguistic units]. Yassawi Khabarshysy, 1(127). pp. 145-155. [in Kazakh].

- Perini, M.A., 2015. Describing verb valency: practical and theoretical issues. Springer.
- Rasulov, R., 2022. Valentnost' slova i sintaksicheskaya svyaz' [Word valency and syntactic connection]. *Ekonomika i Sotsium*. 5-1 (96). pp. 1075-1084. [in Russian].
- Sabyr, M., 2004. Orta turki tili leksikasy men qazakh tili leksikasynyng sabaktarstygy (XIV gh. yazba eskertkishtire negizinde). [Lexical continuity between the Middle Turkic language and the Kazakh language (based on 14th-century written monuments)]. Almaty. 315 p. [in Kazakh].
- Saginidikul, B., 2006. Altyn Orda yazba eskertkishterining (XIV gh.) salystyrmaly leksikasy. [Comparative lexicon of the written monuments of the Golden Horde (14th century)]. Almaty. 110 p. [in Kazakh].
- Semecky, J., 2008. Verb Valency Frames Disambiguation. Doctoral thesis. 144 p.
- Seyitbekova, A., 2024. Gulistan bit Turki jazba eskertkishi: sozdigi, transkriptsiyası, audarmasy. [The "Gülistan bit Türki" written monument: dictionary, transcription, translation]. Almaty. 704 p. [in Kazakh].
- Shustova, S.V., Smirnova, E.A., 2015. Glagol'naya valentnost' kak semantiko-grammaticheskaya kategoriya [Verbal valency as a semantic-grammatical category]. *Vestnik Permskogo Universiteta. Rossiyskaya i Zarubezhnaya Filologiya*. 4 (32). pp. 21-29. [in Russian].
- Talgatkyzy, G., Amirbekova, A.B., Kaiyrbekova, U.S., Akkuzov, A.A., Shuinshina, N., 2023. "Tuye" sozinin semantikalyk tirkesimdiligi zhane ulttyk korpusta avtomattandyru tasilderi [The semantic combinability of the word "camel" and methods of automation in the national corpus]. *Tiltanym*. № 3 (91). pp. 200-209. [in Kazakh].
- Willems, K., 2006. Logical polysemy and variable verb valency. *Language Sciences*. 28(6). pp. 580-603.

Авторлар туралы мәлімет:

Кенжалин Қуанышбек Кәрімұлы, PhD, қазақ тіл білімі кафедрасы доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш., 12, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0440-7556>

Scopus ID: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57213160947>

Зинедина Айерке Сағынғалиқызы, қазақ тіл білімі кафедрасы докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш., 12, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5228-5499>

Information about authors:

Kenzhalin Quanyshbek Karimuly, PhD, Associate Professor, Department of Kazakh Linguistics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 12 Kazhimukan Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0440-7556>

Scopus ID: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57213160947>

Zinedina Aierke Sagyngalikyzy, Doctoral student, Department of Kazakh Linguistics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 12 Kazhimukan Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5228-5499>

Сведения об авторах:

Кенжалин Куанышбек Каримулы, PhD, доцент кафедры казахского языкознания, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Кажымукана, 12, Астана, Республика Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0440-7556>

Scopus ID: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57213160947>

Зинедина Айерке Сагынғаликызы, докторант, кафедра казахского языкознания, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Кажымукана, 12, Астана, Республика Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5228-5499>